

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

**БЕКІТЕМІН**

**Ғылыми кеңес төрағасы,**

**ҚарМТУ ректоры,**

\_\_\_\_\_ **Ғазалиев А.М.**

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ **2014 ж.**

**СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША  
ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
(SYLLABUS)**

ҚТ 1104 «Қазақ тілі» пәні

ҚТ 04 «Қазақ тілі» модулі

5В071300 – Көлік, көлік техникасы және технологиялары  
мамандығы

Жол – көлік факультеті

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы

## АЛҒЫ СӨЗ

Студентке арналған пән бойынша оқыту бағдарламасын (syllabus) әзірлегендер: ф.ғ.к., аға оқытушы Нығметова Нұргүл Тұрсынқызы, аға оқытушы Жетпісбай Шолпан Аханқызы, п.ғ.м., Кулейменова Ләйла Мәдениетқызы.

«Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының отырысында талқыланды  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2014 ж. № \_\_\_\_ хаттама

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2014 ж.  
(қолы)

«Жол-көлік факультетінің» оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдаған  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2014 ж. № \_\_\_\_ хаттама

Төраға \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2014 ж.  
(қолы)

«Автомобиль көлігі» кафедрасымен келісілген

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2014 ж.  
(қолы)

## Оқытушы туралы мәлімет және қатынас ақпараты

ф.ғ.к. аға оқытушы Нығметова Нұргүл Тұрсынқызы

аға оқытушы Жетпісбай Шолпан Аханқызы

п.ғ.м. оқытушы Кулейменова Ләйла Мәдениетқызы

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы ҚарМТУ-дың I корпусында (Бейбітшілік бульвары, 56), 329 аудитория, байланыс телефоны 56-95-06.

### Пәннің еңбек көлемділігі

Семестр	Кредиттер саны	ECTS	Сабақ түрі					СӨЖ сағаттар саны	Жалпы сағаттар саны	Бақылау түрі
			Қатынас сабақтарының саны			СОӨЖ сағаттарының саны	Барлық сағат саны			
			дәріс	практикалық сабақтар	зертханалық сабақтар					
1	3	4,5	-	45	-	45	90	45	135	Тест тапсырмалары
2	3	4,5	-	45	-	45	90	45	135	емтихан

### Пән сипаттамасы

Қазақ тілі пәні жалпы білім пәндерінің циклына жатады.

### Пәннің мақсаты

«Қазақ тілі» пәні студенттің қазақ тілін сөйлеу құралы ретінде емін-еркін меңгеріп, ауызша, жазбаша әдет-дағдыларын қалыптастыруға және жалпы тұлғалық әдебин, мәдени деңгейін көтеруге, қазақ елінің тарихы мен мәдениетіне, ұлттық ерекшелігіне мән беріп, құрметтеуге, мамандығына сәйкес өз саласында жиі кездесетін лексиканы, ғылыми терминдерді, күрделі синтаксистік құрылымдарды қолдана білу мақсатын ұстанады.

### Пәннің міндеттері

Осы пәнді оқу нәтижесінде студенттер түсінік алуы керек:

– күнделікті тұрмыстық сөйлеу жағдаяттарында сұхбат түрлеріне еркін араласып, сөйлесу, әңгімені қолдау дағдыларын қалыптастыру;

– мамандығы бойынша қажетті тақырыптардағы орташа және күрделі мәтіндерді түсіну және қабылдай алу;

– негізгі терминдерді, ұғым-түсініктерді қолдана отырып, өтілетін тақырыптар негізінде эссе, баяндамалар, хабарламалар жазу, студенттің өзіндік жұмыстарын дайындау барысында тезис құра білу.

білуі керек:

**A<sub>1</sub>** – күнделікті қарым-қатынаста өзі туралы, отбасы, университет туралы айтады, сұрақтар қоя алады, шағын мәтіндерді түсінеді.

**A<sub>2</sub>** – өзіне қатысты тақырыптар бойынша жекелеген сөздермен сөз тіркестерін түсінеді. Өз елі, тарихы, табиғаты, өзінің қызығушылығы, мақсаттары туралы әңгімелей алады. Осы тақырыптағы мәтіндерді оқып, негізгі ақпаратты түсіне алады.

**B<sub>1</sub>** – мәтіндердегі негізгі ойды түсінеді. БАҚ –тағы күнделікті жаңалықтан кәсібіне қатысты ақпараттарды түсінеді. Өз мамандығы бойынша жалпы тақырыптарға әңгімелесе алады, сұхбат құра алады. Өзін қызықтыратын тақырыптарға ойын жаза алады, өз мамандығы, болашақ қызметі туралы баяндай біледі.

**B<sub>2</sub>** – таныс тақырыптардағы баяндамалар мен дәрістерді тыңдап түсінеді. Тіл

иесімен дайындықсыз сұхбаттаса алады. Өз мамандығы бойынша пікірталасқа қатысады, өз көзқарасын дәлеледей алады. Өз саласына байланысты ұғым, түсініктерді сұхбат барысында қолдана біледі.

**C<sub>1</sub>** – БАҚ ақпараттарынан алынған мәліметтерді тыңдап түсінеді, өз мамандығына қатысты мәтінді, терминдерді, тілдік бірліктерді дұрыс қолдана біледі. Кәсіби сөйлесу жағдаяттарында еркін қарым-қатынасқа түсе алады.

**C<sub>2</sub>** – тіл иесінің жылдам айтылған сөзіне еркін түсінеді. Ғылыми еңбектерді оқып түсінеді, пікір білдіре алады, өзінің ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша мақала, баяндама, пікір жаза алады.

істей алуы керек:

- монолог, диалог түрінде берілген мәтіннің жеке мағыналық бөліктері бойынша негізгі ойды, ақпаратты есту, тыңдау арқылы түсіне білу дағдысын қалыптастыру;
- өтілген тақырыптар негізінде қажетті ақпараттарды талдай, сұрыптай білу;
- мамандығына қажетті құжаттарды сауатты құрастыра және толтыра білу;
- іскерлік ортада шебер сөйлей алу, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді қажетті тұстарда оңтайлы қолдана алуы.

практикалық машықтануы керек:

- студент сұхбаттасушының кәсіби тақырып аясында сұрағын, айтқан ойының мазмұнын тыңдай отырып, түсініп, жауап қайтара білуге;
- шығарма, эссе, реферат немесе өз кәсібіне байланысты оқыған кітаптары, мақалалары немесе тыңдаған хабарлары жайында шағын мәлімдеме, түйіндеме жаза білуге;
- қоғамға, дүниетанымға, кәсіпке байланысты өз ойларын, тұжырымын еркін жеткізе білуге.

### Пререквизиттер

Бұл пәнді оқу үшін келесі пәндерді игеру қажет:

Пән	Бөлімдердің (тақырыптардың) атауы
Қазақ тілі (орта мектеп деңгейі)	Фонетика, лексика, морфология, синтаксис. Қазақ халқының тарихи мұралары.

### Постреквизиттер

Қазақ тілі пәнін оқу кезінде алынған білім кәсіби қазақ тілі пәнін игеру кезінде қолданылады.

### Пәннің тақырыптық жоспары

Тарау атауы (тақырыптар)	Сабақ түрлері бойынша еңбек көлемділігі, сағ.				
	дәріс	практика лық	зертхана лық	СОӨЖ	СӨЖ
1	2	3	4	5	6
<b>I семестр</b>					
1-тақырып. Мен және қоршаған орта. Қазақстан экологиясы. Сөз құрамы және қосымша. Синоним. Антоним. Омоним.		3		3	3
2-тақырып. Денсаулық – зор байлық. Салауатты өмір салты. Қазақ тіліндегі жалғау түрлері: көптік, септік, тәуелдік, жіктік.		3		3	3
3-тақырып. Қазақтың өнері мен мәдениеті. Өнер төрінен орын алған өнерпаздар.		3		3	3

Фонетика (Үндестік заңы). Жұрнақ: сөз тудырушы және сөз түрлендіруші.					
4-тақырып. Қазақтың салт-дәстүрі. Қыз ұзату. Сөз таптары. Зат есім.		3		3	3
5-тақырып. Тәуелсіз Қазақстан. «Қазақстан -2050» стратегиясы. Сан есім.		3		3	3
6-тақырып. Адам және табиғат егіз. Бурабай. Көмекші есімдер.		3		3	3
7-тақырып. Мамандық әлемі. Сын есім. Аралық бақылау.		3		3	3
8-тақырып. Мемлекеттік тіл - Қазақстан халықтарын біріктіретін фактор. ҚР тіл туралы заңы. Сын есім шырайлары.		3		3	3
9-тақырып. Қазақстанның білім беру жүйесі. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Есімдік.		3		3	3
10-тақырып. Қоғам және жастар. Жастар – қоғамның маңызды бөлшегі. Етістік (дара, күрделі, негізгі, көмекші, болымды, болымсыз, тұйық).		3		3	3
11-тақырып. Адамдармен қарым-қатынас. Сөйлеу мәдениеті. Етістіктің шақтары: осы шақ, келер шақ, өткен шақ.		3		3	3
12-тақырып. Қазақстан әлемдік кеңістікте. Қазақстанның сыртқы саясаты. Етістіктің рай формасы.		3		3	3
13-тақырып. Адам және заң. Конституциялық құқық. Етіс категориясы.		3		3	3
14-тақырып. Аралық тест. Халықаралық қатынастар. Етістіктердің жіктелуі.		3		3	3
15-тақырып. Қайталау. Қорытынды. Емтиханға дайындық.		3		3	3
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>45</b>		<b>45</b>	<b>45</b>
<b>II семестр</b>					
1-тақырып. Ғылым мен техника. Есімше.		3		3	3
2-тақырып. Менің мамандығым. Көсемше.		3		3	3
3-тақырып. Қазақ даласындағы алғашқы темір жолдар. Үстеу.		3		3	3
4-тақырып. Отандық көлік түрлерінің тарихы. Шылаулар. Септеулік, жалғаулық, демеулік шылаулар.		3		3	3
5-тақырып. Темір жол құрылымы. Одағай.		3		3	3
6-тақырып. Автомобиль тарихы. Жай сөйлем.		3		3	3
7-тақырып. Аралық тест. Қазақстандағы автомобиль жолдары.		3		3	3
8-тақырып. Тоннелдер және метрополи-тендер құрылысы. Айтылу мақсатына қарай сөйлемнің түрлері.		3		3	3

9-тақырып. Мемлекеттік автомобиль инспекциясы. Сөйлем мүшелері.		3		3	3
10-тақырып. Жолда жүру ережесі. Салалас құрмалас сөйлем. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем.		3		3	3
11-тақырып. Жүргізушілерді дайындау. Талғаулықты салалас сөйлем. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем.		3		3	3
12-тақырып. Жол-көлік оқиғалары. Мезгіл, мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.		3		3	3
13-тақырып. Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету. Қарсылықты, шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.		3		3	3
14-тақырып. Аралық тест. Автомобиль көліктерінің қоршаған ортаға тигізетін әсері. Қимыл-сын, себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.		3		3	3
15-тақырып. Қайталау. Қорытынды. Емтиханға дайындық.		3		3	3
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		45		45	45

### **Практикалық (семинарлық) сабақтар тізімі:**

#### **I семестр**

1. Мен және қоршаған орта. Қазақстан экологиясы. Сөз құрамы және қосымша. Синоним. Антоним. Омоним.
2. Денсаулық – зор байлық. Салауатты өмір салты. Қазақ тіліндегі жалғау түрлері: көптік, септік, тәуелдік, жіктік.
3. Қазақтың өнері мен мәдениеті. Өнер төрінен орын алған өнерпаздар. Фонетика (Үндестік заңы). Жұрнақ: сөз тудырушы және сөз түрлендіруші.
4. Қазақтың салт-дәстүрі. Қыз ұзату. Сөз таптары. Зат есім.
5. Тәуелсіз Қазақстан. Елбасының жолдауы «Қазақстан -2050» стратегиясы. Сан есім.
6. Адам және табиғат егіз. Бурабай. Көмекші есімдер.
7. Мамандық әлемі. Сын есім. Аралық бақылау.
8. Мемлекеттік тіл - Қазақстан халықтарын біріктіретін фактор. ҚР тіл туралы заңы. Сын есім шырайлары.
9. Қазақстанның білім беру жүйесі. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Есімдік.
10. Қоғам және жастар. Жастар – қоғамның маңызды бөлшегі. Етістік (дара, күрделі, негізгі, көмекші, болымды, болымсыз, тұйық).
11. Адамдармен қарым-қатынас. Сөйлеу мәдениеті. Етістіктің шақтары: осы шақ, келер шақ, өткен шақ.
12. Қазақстан әлемдік кеңістікте. Қазақстанның сыртқы саясаты. Етістіктің рай формасы.
13. Адам және заң. Конституциялық құқық. Етіс категориясы.
14. Аралық тест. Халықаралық қатынастар Етістіктердің жіктелуі.
15. Қайталау. Қорытынды. Емтиханға дайындық

#### **II семестр**

1. Ғылым мен техника. Есімше.
2. Менің мамандығым. Көсемше.

3. Қазақ даласындағы алғашқы темір жолдар. Үстеу.
4. Отандық көлік түрлерінің тарихы. Шылаулар. Септеулік, жалғаулық, демеулік шылаулар.
5. Темір жол құрылымы. Одағай.
6. Автомобиль тарихы. Жай сөйлем.
7. Аралық тест. Қазақстандағы автомобиль жолдары. Грамматикалық ұғымдар.
8. Тоннелдер және метрополитендер құрылысы. Айтылу мақсатына қарай сөйлемнің түрлері.
9. Мемлекеттік автомобиль инспекциясы. Сөйлем мүшелері.
10. Жолда жүру ережесі. Салалас құрмалас сөйлем. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем.
11. Жүргізушілерді дайындау. Талғаулықты салалас сөйлем. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем.
12. Жол-көлік оқиғалары. Мезгіл, мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.
13. Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету. Қарсылықты, шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас.
14. Аралық тест. Автомобиль көліктерінің қоршаған ортаға тигізетін әсері. Қимыл-сын, себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.
15. Қайталау. Қорытынды. Емтиханға дайындық.

### **СӨЖ-ге арналған бақылау тапсырмаларының тақырыптары**

#### **I семестр**

1. «Адам және айналадағы дүние» тақырыбына әңгіме құрастыру. «Отан отбасынан басталады» тақырыбына шығарма жазу. «Досы көпті жау алмас» достық тақырыбына арналған мақал-мәтелдермен жұмыс жасау.
2. «Салауатты өмір салты» реферат жазу. «Халықтық медицина» тақырыбына сұқбат құрастыру. «Медицина жаңалықтары» тақырыбына хабарлама дайындау.
3. «Халықтық қолөнер» сұхбат құрастыру. «Театр тарландары» тақырыбына слайд жасау. М. Мақатаевтың бір өлеңін жатқа айту.
4. «Қазақтың ұлттық сусындары» тақырыбына әңгіме құрастыру. «Сән үлгісіндегі соңғы ағымдар» тақырыбына өз ойын жазу. «Қазақтың ұлттық ойындары» слайд жасау.
5. «Ел рәміздерінің тарихынан» тақырыбына альбом жасау. «Ұлттық теңге мақтанышымыз» тақырыбына шығарма жазу. Елбасымыздың «Қазақстан 2050» стратегиясы (Белгілі бір салаға қатысты тоқталу. Мысалы, білім, денсаулық саласы, т.б.). Конспект жазу.
6. «Қазақстан қорықтары» тақырыбына презентация жасау. «Жері байдың – елі бай» тақырыбына сұхбат құрастыру. Оқжетпес пен Жұмбақтас тарихын әңгімелеу.
7. «Бүгінгі маман келбеті» тақырыбына пікірсайыс. «Мамандық тарихы» шығарма жазу. «Өз ісінің маманы» тақырыбына сұхбаттасу.
8. «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» тақырыбына шығарма жазу. «Қазақ тілінің стильдік тармақтары» тақырыбына реферат жазу. Тіл құдіретіне байланысты өлең – жырлар жаттау.
9. «Білім ордалары» тақырыбына презентация жасау. «Білім де бәсекеге түседі» тақырыбына өз ойын жазу. «Білім беру жүйесіндегі реформалар» тақырыбына материал жинау.
10. «Жастар және саяси партиялар» тақырыбына реферат жазу. «Қоғамның қозғаушы күші - жастар» тақырыбына пікірін айту. «Еліміздің ұлтжанды жастары» тақырыбына 7-8 сұрақ әзірлеу.
11. «Әдептілік – мәдениет шыңы» тақырыбына әңгіме құрастыру. «Сөйлеу этикасының нормалары» тақырыбына шығарма жазу. «Ұлттық тәлім - тәрбие» туралы өз ойыңызды айтыңыз.

12. «Егеменді және тәуелсіз Қазақстан үшінші мыңжылдықтың басында» тақырыбына сөзжұмбақ құрастыру. «Алтайдан Атырауға дейін» тақырыбына сұхбат құрастыру.

13. «Отбасылық құқық» тақырыбына эссе жазу. «Адам құқығы туралы жалпыға ортақ декларациялар» тақырыбына реферат жазу. «Еңбек ету бостандығы құқығы» тақырыбын әңгімелеу.

14. «Дүниежүзілік және халықаралық экономикалық қатынастар» туралы реферат жазу. «Отандық шекара ісі» тақырыбы бойынша сұхбаттасу. «Қазақстандағы елшіліктер» туралы әңгімелеу.

15. «Көне дәуір қалалары» тақырыбына слайд жасау. «Түркістан» тақырыбы бойынша сұхбаттасу.

## II семестр

1. «Ұлы ғалымдар және олар ашқан жаңалықтар» тақырыбына шығарма жазу. «Бүгінгі ғылыми жаңалықтар» тақырыбына сұхбаттасу.

2. «Ғылымның қиын жолы» тақырыбына пікір алмасу. Қазіргі кезде сұранысы мол мамандықтар туралы ақпарат дайындау.

3. «Түркістан - Сібір теміржол құрылысының тарихы» тақырыбына реферат жазу. «Теміржол көлігінің Қазақстан экономикасындағы маңызы» баяндама оқу.

4. «Рельстер» тақырыбына сұхбат дайындау. «Темір – бетон шпалдары» тақырыбына реферат жазу.

5. «Теміржол тарихындағы ірі тұлғалар» тақырыбына шығарма жазу. «Теміржол құрылымы» әңгіме.

6. «Әлемдегі ең қауіпті көпірлер» тақырыбына хабарлама дайындау. «Әлемнің ерекше көпірлері» тақырыбына слайд жасау.

7. Автомобиль, жол құрылысы, темір жол мамандығының қоғамға тигізетін пайдасы қандай? деген тақырыпта ой қорыта отырып, өзіңізді қызықтыратын бірнеше мамандық жөнінде пікіріңізді жазыңыз.

8. «Әлемдегі ірі метрополитендер құрылысы» тақырыбына әңгіме жазу. «Алматы метрополитені» тақырыбына сұхбат дайындау.

9. Автомобиль көліктерінің қоршаған ортаға, адам организміне тигізетін әсері туралы пікірлесу. Мемлекеттік автомобиль инспекциясы. Сұхбат.

10. «Қарағанды қаласында жол ережесін сақтау» тақырыбына өз пікіріңіз. Жол ережесін бұзушыларға айыппұл салу жеткілікті ме?

11. «Жүргізушінің жауапкершілігі» сұхбат құрастыру. Жол апаттарының азаюындағы фото және бейнекамералар ролі.

12. Жол апатын болдырмау шаралары. Әңгімелеу. Жол апатының зардаптары. Сұхбаттасу.

13. Көлікті жөндеудің түрлері. Сұхбаттасу. Көлікті жинастыру және жуу жұмыстарына арналған жабдықтар. Слайд.

14. «Қарағанды қаласының теміржолшылары» тақырыбына слайд жасау. «Қазақстандағы мұнай-газ құбырларының құрылысы» әңгімелеу.

15. «Жол-көлік факультетінің ғалымдары» тақырыбына слайд жасау.

## Студенттердің білімін бағалау критерийлері

Пән бойынша емтихан бағасы межелік бақылаулар бойынша максимум көрсеткіштері (60% -ға дейін) мен қорытынды аттестаттаудың (емтихан) (40%-ға дейін) сомасы ретінде анықталады және кестеге сәйкес 100% -ға дейінгі мәнді құрайды.



## Пән бойынша берілген тапсырмаларды орындау мен тапсыру кестесі

Бақылау түрі	Тапсырма мақсаты және мазмұны	Ұсынылатын әдебиет	Орындалу ұзақтығы	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі	Балл
1	2	3	4	5	6	
<b>I, II семестр</b>						
Сабаққа қатысушылық	Грамматика	[ 1], [ 2 ], [ 3 ]	2 апта	Ағымдағы	1-6 апта	10
Бақылау жұмысы	Грамматика	[ 1], [ 2 ], [ 3 ]	3 апта	Ағымдағы	7-13 апта	10
Аралық тест			4 қатынас сағаттары	Межелік	14 апта	40
Емтихан	Пән материалының меңгерілу деңгейін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттің жалпы тізімі	4 қатынас сағаттар	Қорытынды	Сессия кезеңінде	40
Барлығы						100

### Саясат және процедуралар

Қазақ тілі пәнін оқу кезінде келесі ережелерді ұстануды сұраймын:

1. Сабаққа кешікпеу.
2. Сабақтан себепсіз қалмау, ауырған жағдайда анықтама, ал басқа жағдайларда түсіндірме хат ұсынуды.
3. Сабақтың барлық түрлеріне қатысу студент міндеттерінің қатарына жатады.
4. Оқу процесінің күнтізбелік кестесіне сәйкес барлық бақылау түрін тапсыру.
5. Қатыспаған практикалық және зертханалық сабақтарды оқытушы көрсеткен уақытта өтеу.

### Негізгі әдебиет тізімі

1. Күзекова З. С. Қазақ тілінің практикалық курсы. Оқулық. Алматы: Раритет, Ғылым, 2003.
2. Күзекова З. Қазақ тілі. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық (Тілді оқытып үйретудің ортаңғы кезеңі үшін). Астана: Таным, 2003.
3. Оралбай Н., Құрманәлиев К.А. Қазақ тілі (жоғары оқу орындарының орыс тілді бөлімдерінің студенттеріне арналған оқулық). Алматы: Арыс, 2007
4. Байсақалова Ұ.С. Қазақ тілі. Оқу құралы. Астана: Фолиант, 2007.
5. Жақсылықова К.Б. Қазақ тілі. Оқулық. Алматы: ҚазҰТУ, 2007.
6. Жекеева К.О., Әбдірахманова Қ.Ж., Қанафина Ф.Қ. Қазақ тілі. Оқу құралы. Алматы, 2010.
7. Аширова А. Кәсіби қазақ тілі. Оқу құралы. Алматы, 2011.
8. Әлиев Ж.А., Жәкенов Б.К., Жетпісбай Ш.А. Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеудің технологиялық порцестері. Қарағанды: ҚарМТУ, 2007.
9. Нәсіпқалиев А.Ә., Балғабеков Т.К., Әділова Н.Д. Көлік логистикасы. Оқу құралы. Қарағанды, 2011.
10. Жетпісбай Ш.А. Жол-көлік институты студенттері үшін «Қазақ тілі» пәні бойынша техникалық мәтіндер жинағы. Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2013.
11. Бекжанов З.С. Теміржолтану негіздері. Оқулық. Алматы, 2013.

### **Қосымша әдебиет тізімі**

1. Ибатов М.К. Жол қозғалысын ұйымдастыру және қауіпсіздік. Қарағанды: ҚарМТУ, 2000.
2. Нұрғожина Г.М., Әбілқасов Ғ.М., Жетпісбай Ш.А. Қазақ мәдениеті (Қазақ тіліне арналған мәтіндер жинағы). ҚарМТУ, 2003.
3. Жетпісбай Ш.А., Ботабек А.Ә., Байпелова Г.С., Әбілқасов Ғ.М., Сағатова Г.Қ. Қазақ тілі (Кредиттік технология жүйесі бойынша оқу құралы). ҚарМТУ, 2004.
4. Жетпісбай Ш.А., Қоянбаева Қ.Қ. Техникалық мәтіндер мен сөздік жинағы (жол-көлік факультетінің студенттеріне арналған көмекші құрал) ҚарМТУ, 2004.
5. Дедов А.Н., Малыбаев С.Қ. Бірыңғай көлік жүйесі. Оқу құралы. Қарағанды: ҚарМТУ, 2004.
6. Нұрғожина Г.М., Кинбаева А.Б. Қазақ тілі (Кредиттік технология жүйесі бойынша оқыту). Оқу құралы. Қарағанды: ҚарМТУ, 2007.
7. Нұрғожина Г.М., Кинбаева А.Б., Әбілқасов Ғ.М. Қазақ тілі және елтану. Оқу құралы. Қарағанды: ҚарМТУ, 2007.
8. Балғабеков Т.К. Тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару Қарағанды: ҚарМТУ, 2007.
9. Хамзина Қ.М., Ботабек А.Ә., Жетпісбай Ш.А. Қазақ тілі. Оқу құралы. Қарағанды: ҚарМТУ, 2009.
10. Нығметова Н.Т., Нұржанова Қ.Қ. Студенттердің дербес жұмысына арналған мәтіндер жинағы Қарағанды, ҚарМТУ, 2009.
11. Түсіпбекова Э.Қ., Кулейменова Л.М., Қоңырова Н.Ә. Оқытушының студенттермен өздік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар. Қарағанды: ҚарМТУ, 2011.
12. Арпабеков М., Баубек А. Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Оқулық. Астана, 2011.
13. Шабденова Қ.Ж., Кулейменова Л.М. Қазақ тілі. Оқу құралы. Қарағанды: ҚарМТУ, 2012.

**СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША  
ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
(SYLLABUS)**

ҚТ 1104 «Қазақ тілі» пәні  
ҚТ 04 «Қазақ тілі» модулі

31.03.2004 ж. №50 мемл. Бас. лиц.  
Баспаға \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж. қол қойылды. Пішімі 90 x 60/16. Таралымы \_\_\_\_\_ дана  
Көлемі \_\_\_\_\_ оқу бас. п. № \_\_\_\_\_ тапсырыс Бағасы келісілген

---

100027. ҚарМТУ баспасы, Қарағанды, Бейбітшілік бульвары, 56